

## Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және Аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 78/НҚ бұйрығы.

"Күқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына және 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

### 1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 37 бұйрығы ( Нормативтік қүқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9781 болып тіркелген, 2014 жылғы 20 қазанда "Әділет" ақпараттық-қүқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 37 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 тамыздағы № 358 бұйрығы (2016 жылғы 12 тамызда "Әділет" ақпараттық-қүқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (Б.З. Иманәлиев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік қүқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Респубикалық қүқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

### 3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің міндеттін атқарушы

M. Нұрғожин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК